

## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

\*Балтымова М.Р.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>докторант, Қ. Жұбанов атындағы АӨУ, Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: mbr74@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ балалар фольклорының қалыптасуы мен дамуы мәселесі қарастырылған. Автор балалар фольклоры мен әдебиетіне шолу жасап, жан-жақты талдаған. Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыты мен идеясы – қазақ балалар әдебиетінің дамуы туралы ХХ ғасырдың 70-ші жылдарынан басталған ғылыми-әдіснамалық зерттеулерге шолу жасау арқылы балалар фольклоры мен жас ұрпаққа арналған туындылардың көркемдік, дүниетанымдық маңызын зерттеу. Жұмыстың ғылыми маңыздылығына келсек, зерттеудің теориялық мағлұматын қазақ балалар әдебиетін зерттеуде қолдануға болады. Зерттеу әдіснамасы жинақтау, талдау, салыстыру методологиясына құрылған. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдауы, қорытындылары: әдебиет – қай халықтың болмасын ертеден келе жатқан рухани қазынасы, рухани әлемінің байлығы, таусылмайтын қазынасы, мұнда халықтың ұлттық бай мұрасы мен рухани әлемінің сыры туралы баяндалады. Зерттеудің құндылығы ретінде қазақ халқының рухани қазынасы сақталғанда ғана ұрпағымыздың болашағы айқындалып, дамитыны, өсетіні, ешқашан өшпейтіні туралы ақпараттар беріледі. Сол себепті рухани мұраны сақтау, әдебиетті жүйелеу, зерттеу, талдау мен жинақтау, шашыратпай жинастыру, оны ұрпаққа жеткізу күн сайын өзінің өзектілігін арттыратындығы, өзгеріп дамитындығы туралы дәлелді пікірлер айтылады. Ғылыми-әдіснамалық тұрғыдағы зерттеулердің мазмұнын ашпас бұрын өткен күнгі тарихқа тоқталмай кетуге болмайтындығына баса назар аударылып, қазақ халқында ұрпақ тәрбиесі адамзаттың пайда болып, өмір сүрген кезінен бастау алуының өзектілігі туралы айтылады. Қазақ халқы дүниеге перзент келсе, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, ұл бала мен қыз бала тәрбиесін бөлек қарастырып, тәрбиені бесіктен бастауды көздегендігі туралы дәлелдер келтірілген. Жұмыс қорытындысының практикалық маңызы: зерттеу нәтижелерін элективті курс бағдарламаларына дереккөз ретінде енгізуге болады.

**Тірек сөздер:** фольклор, фольклор тарихы, фольклордың қалыптасуы, балалар фольклоры, фольклор туындылары, ежелгі дүниетаным, ұрпақ тәрбиесі, сөз өнері

### Негізгі ережелер

Қазақ халқының көшпелі өмір сүру образы барысында халық аузынан тарап отырған сүбелі сөз бен салмақты ойлар адамды сабырлыққа, тоқтамға келуге, жан-жақты болуға шақырып отырғандығы кез-келген адамның санасында сақталып, алдағы өмір сүру әрекетіне септігін тигізетін тәрбиелік мәні өте жоғары импровизацияланатын мағыналы ойдың жемісі, бұл – фольклор туындылары. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесінде ерекше орын алатын философиялық ойлау жүйесі, оның ішкі мәні мен астарлы ой құбылысының ерекшелігін көптеген еңбектердегі пайымдаулар мен тұжырымдар арқылы тануға болады.

### Кіріспе

Халқымыз тәрбиені тал бесіктен бастап, ұрпағының сана-сезіміне сіңіруді қолға алып, тәрбиемен қатар білімді игерткен. Бұл ретте Ғұмар Қарашевтің «бала ананың құрсағында-ақ өз тілінің музыкасын естиді, туған соң дамытады деген лебізі ойға келеді» [1, 21 б.]. Білім мен тәрбиенің ажырамас, өзара егіз ұғым екендігін ескерсек, білімсіз тәрбие, тәрбиесіз білім игерілмейтіндігі философ әл-Фарабидің: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деуінен белгілі. Осы зерттеу тақырыбы төңірегінде фольклортанушы, этнограф ғалымдармен қатар қазақ философиясындағы дүниетанымдық көзқарастарда фольклор тарихы мен оның дамуы жайындағы пікірлер де аз емес. Атап айтсақ, фольклор туындыларын зерттеуде философ ғалымдар іргелі ғылыми тұжырымдар жасап, бірқатар көңілге қонымды түйіндер мен ой қорытындыларын жұртшылық назарына ұсынғандығы белгілі. «Қазіргі ұлттық сөз өнерімізді үш түрге бөледі: фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэтикасы) және жазба әдебиет. Бұлардың үшеуіне де ортақ белгілері болуымен бірге әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Фольклордың үш сипаты бар: а) фольклор – ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра; ә) фольклор – тұрмыстың бір бөлшегі; б) фольклор – сөз өнері» [2, 3 б.]. Келтірілген тұжырым фольклорды өз алдына қарастыруды қажет ететін мағыналы ой мен қорытынды жасауға мүмкіндік беретін мәселе екендігін дәлелдеп отыр.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу барысында фольклор, балалар фольклоры, қазақ балалар фольклорын зерттеуге қатысты материалдарды жүйелеу, баяндау, талдау әдістері қолданылды. Тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектері зерделеніп, фольклорлық туындыларға талдау жасалды.

Қазақ балалар фольклорының қалыптасу тарихын ашуда философиялық тұжырымдарға тоқталдық. Өйткені жаратылыстың өзі «таным», «ойлау», «білу» деген ұғымдармен түсіндіріледі. Ал, оның бастауы – философия. «Данышпан Аристотель өзінің таным туралы ой толғамдарын бастағанда былай дейді: зерттелетін әрбір затты білу философияға жатады, ол – барлығы туралы білім. Сондықтан біздің бірінші жасайтынымыз, философияны ғылым ретінде бөлімдерге бөліп, дәл осы қарастырғалы отырғанымыздың оның қай бөлімге енетінін анықтап алу керек» [3, 29 б.]. Сондықтан қазақ халқының өз ұрпағына мағыналы тәрбие мен білім беруде де осы жаратылыстың тылсым заңдары мен мифологиялық көзқарастарға, жан туралы ілімдерге сүйеніп өзінің ұрпағын өсіру, артына саналы ұрпақ қалдыру ісін жүзеге асырған. Осындай себептермен философтардың ойдың мәнін танытуы арқылы халықтың танымдық қабілеті, өмір сүру ерекшеліктерін көрсетуі халықтың ойлау жүйесінің үлгілері өте ерте замандағы тіршілік тынысынан басталғандығын аңғартады. Осыдан келіп адамзат баласының қоршаған дүниені, табиғаттың қыр-сырын, жұмбағын, көзге көрінбейтін мидағы тылсым сырын ойлау арқылы, қарама-қайшылықтармен, диалектикалық көзқарастармен, қиялмен, елестетумен танып, қабылдаса, екінші жағынан тіл, сөз, ауызекі сөйлеу арқылы, шығармашылық қабілеттер арқылы таныған.

Адамның астарлап сөйлеу, бейнелі сөйлеу, тұспалдап сөйлеу, өзінің айтайын дегенін қалайда шебер тілмен, әрекетпен, суреттеп жеткізе білу шеберлігі алғашқы қоғам дамып, пайда болған күннен басталғаны белгілі. Сонда адам әлеммен байланыс жасап, тылсым күштің мән-мағынасын білуде ауыздан ауызға таралатын қиялдан туындайтын пайымдауларын қолданған. Оның бастауы біздің зерттеу нысанымыз – фольклор екендігін аңғаруға болады. Сонда фольклордың жаратушысы кімдер, фольклор қалай пайда болды деген сауалдарға фольклор – философия, таным, фольклор – сөйлеу, фольклор – сөз өнері, фольклор – қарым-қатынас құралы деп жауап берсек артық емес. Фольклор өмір тәжірибесімен қатар дамып, зерттеліп, сараланып, ұрпаққа қалып отырған баға жетпес құнды мұра.

### **Нәтижелер**

Фольклор арқылы әр халықтың өмір сүру образын, тәрбие беру әдістері мен тәсілдерін білуімізге болады. Өйткені әр халық өзінің басынан кешкен шынайы оқиғаларын баяндап, ұрпағын жағымды және жағымсыз ойлар мен жағдайларға сұрыптау жасауға үйретіп, тәрбиедегі жағымсыз жағдайлардан аулақтатып отырады. Фольклор – қарапайым сөз түрінде, ән мен би, күй түрінде таралып отыратын шығармалар. Бұл шығармалар әдемі көркем сөздермен боялып, құнды пікірлер түрінде өзгеріп, рухани құндылықтарға айналады, импровизацияланады. Осылайша пайда болған жан, әлем, табиғат туралы пайымдаулардан кейін халық арасында ауыздан ауызға тараған аңыз-әңгімелер, ой-толғамдар пайда болып, қазақтың арғы тегі түркілер деп берілген ауызекі поэзия түрінде фольклор ұғымының мағынасын түсінуге мүмкіндіктер пайда болған. Оған дәлел ретінде С.Қалиев пен К.Аюбайдың «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясындағы» ежелгі түркілердің ауызекі поэзиясының деректілігі жөнінде пікірін келтіруге болады [4, 11 б.].

Бұл жерде қазақ фольклорының қалыптасу кезеңін ашып, оған теориялық негіз жасауда міндетті түрде тарихқа үңілмесек болмайды. Қазақ ұлтының өмір сүру образы мен тыныс-тіршілігін тану, оны түсіну үшін қазақ тарихының этникасына, дәстүріне, мінез-құлқына, жалпы айтқанда қазақ дүниетанымына ерекше мән беруіміз керек. Қазақ халқы өмір сүрген кезең жаугершілік, көшпенділік сипатта болғандығы белгілі. Ел мен елді елдестіру, жер дауын шешу, көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігін қайта қалыпқа келтіруде ел басқарған билер мен сөз бастаған шешендердің ұлағатты сөздері де осы фольклордың шынайылығын, өзектілігін көрсетеді. Фольклордың қалыптасуын зерттеуде шежірелік дәстүрге мән беру де маңызды. Шежірелік дағдылар мен зерттеулер халықтың мирас етіп қалдырған құндылықтарымен танысып, олардың мән-мағынасын түсінуге ықпал етеді. Шежіремен танысу, оны жинақтауда генеалогиялық зерттеулердің маңызы зор. Мұнда халық өмір сүрген кездегі белгілі тұлғалардың өмірбаяны мен көзқарастары, мирас етіп қалдырған мұраларымен танысуда ежелгі түркі жазба әдебиетінде сақталған мәліметтердің пайдасы зор. Әдебиет жазба әдебиеті мен ауыз әдебиеті деп бөлінеді. Қазақ халқы XX ғасырға дейін өзінің рухани дамуы мен қажеттілігін қанағаттандыруда фольклордың мүмкіндіктерін молынан пайдаланды.

Өйткені XIX ғасырдан бастап қазақ жыраулары мен ақындары, шежірешілерінің әдебиетте поэтика, стильдік құрылымдар, жанрлық ерекшеліктерді, яғни осы фольклор үлгілерін кеңінен қолданғанын айтамыз. Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы фольклорды жазба әдебиеті түрінде сипаттауы сөздер мен сөз тіркестері, сюжеттер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен өлеңдерге, әдеби шығармаларға этнографиялық-тарихи, шежірелік сипат беріп, фольклордың ғылыми түрде дамып жетілуіне мүмкіндік берді. Жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінің хатқа түсіп сақталуы фольклордың қазақ халқының өмір сүру ортасын, тұрмыс-тіршілігін суреттеп, ұрпақ жадында сақталып, ұмытылмауына мүмкіндік беріп келеді.

Ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдердің мағынасы баланың дүниетанымын кеңейтетіні белгілі. Мақал-мәтелдер мен ертегілердің мазмұны қарапайым болғанымен, нақты ойдың жүйесін аңғартады. Фольклор логикалық ой қорытындысы ретінде қызмет атқарса, екінші жағынан әдеби туынды ретінде өзектілігін сақтап отыр.

Ұрпақ тәрбиесіндегі салт-дәстүр мен отбасы тәрбиесінің басымдықтарына тоқтала отырып, зерттеу тақырыбымыздың өзегі қазақ балалар фольклорының қалыптасу, даму кезеңін ашуда қазақ балалар поэзиясының жай-күйіне, тағылымдық тәрбиелік бай мұраларына тоқталамыз. Бұл ретте Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың қазақ даласы мәдениетінің аса күрделі және көп қыртысты құбылыс екендігі туралы пікірі дәлел [5, 19 б.].

Ғылыми тұжырымдамалар мазмұнынан фольклор тағдырының қазіргі күйі мен өткен ғасырлық кейпінің арасындағы өзгерістерді, толықтыруларды, жаңаруды байқадық. Себебі өткен ғасырда өмір сүрген жарапазан айту, бәдік айтыс, бақсы сарыны сияқты фольклор үлгілері қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған. Ескі жанрлардың тобын құрайтын ертегілер, шежіре әңгімелер, аңыздар да жоғалып бара жатыр. Олардың жаңарған нұсқалары болғанымен, халық тарапынан қажеттілік жоқ. Ал олардың мазмұнына тереңірек үңіліп, жан-жақты түсінсек, таптырмайтын рухани байлық, азық, қазына болып табылады. Алға қойған мақсатымызға жету үшін фольклор мен әдебиеттің дамуы ұқсас болғанымен, олардың арасындағы айырмашылықты ажыратып алуымыз тиіс екендігін байқадық.

Фольклордың әдебиет ғылымынан өзгешелігі фольклорды халықтың аузынан тараған күйінде жинақтап, қағазға түсіруде ертекіші, жыршылардың, этнограф, өнертанушы, тарихшы, экспедиторлардың жер-жерді аралап, аңыз-әңгімелер мен шежіре-дастандарды жинақтағандығы белгілі болды. Олардың қатарында қазақ фольклортанушыларымен бірге орыс, түрік, татар, тәжік, өзбек халқының фольклор туындыларын жинақтап зерттеушілер В.В.Веселовский, Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Н.Потанин, Н.С.Смирнова, т.б. халық аузынан тараған фольклор үлгілерін хатқа түсірген. Осы ғылыми зерттеулер мен түсініктер арқылы өзін-өзі дамытып, жаңа білімді игеріп, дамуға бет бұруы халықтың кең дүниетанымы мен философиялық көзқарастарының дамуын көрсетеді.

Әдебиеттегі, жалпы ғылымдағы шындықты, тарихты, өткен күнді бейнелеудегі әлемдік мәдениет пен өркениет, тарихтың даму кезеңінде орын алатын даму мен өзгеріс, құбылыстар туралы айтар болсақ, түрлі жанрдағы әдеби шығармалар, әңгімелер, тарихи деректер, повестер мен романдар халықтың рухани дамуы мен рухани тәжірибесін көрсетіп, өткен күн мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы демеу болып қала береді. Әдебиеттің дамуында осы бір өткен мен бүгіннің арасын жалғастырып, ұрпақ тәрбиесін дұрыс жолға қойып, тарихы мен мәдениетін, ата-бабамыздың өмір сүру образын сипаттайтын, жоғалтпай мұра етіп ұстап қалар қайталанбас бай мұра – фольклор. Қазақ фольклорының тарихы туралы ғалым Ә.Қоңыратбаев зерттеулерінде терең тұжырымдар келтіріледі [6, 11 б.]

Тарихқа сүйене отырып, халық аузынан тараған аңыз-әңгімелер мен тарихи шығармаларды айту, оны қолдану, халықтың бай мұрасын қолдану, тарихын зерттеу, әдеби бай мұрасын жинақтау теориялық жағынан да, тәжірибелік жағынан да үлкен күш-жігерді қажет ететіндігі белгілі. Фольклордың дамуындағы философиялық көзқарастар адамның көркем-бейнелі ойлау қабілетінің өзі тілдің, рухани дүниетанымның, шығармашылық қабылдауының негізінде қалыптасуы фольклордың зерттелу тарихын ашуға көмектеседі. Тарихты басшылыққа алып, фольклордың өнер, әдебиеттің бөлшегі ретіндегі сипатын анықтап, оның көркемдік қасиеті мен мәңгі өмір сүруіне жағдай жасайтын қоғамның, халықтың әсері айрықша екендігі туралы теориялық пікірлер қазақ балалар фольклоры тарихын зерттеп, оның өзектілігін анықтауда фольклордың әдебиет, өнер ретіндегі ерекшелігін есепке алудың керектігін көрсетті. Ол үшін ұлы ұстаз – тарих қажет.

Тарихты білмей, өткенді қайта жүріп өтпей, тәжірибелерді қорытпай, нәтижеге жете алмаймыз. Фольклорлық жанрдың өзіне тән ерекшелігі – өзгермелілігі, ол тұрақты форма емес. Фольклор айтушының еркіне қарай әсіреленіп, күшейтіліп, өзгеріп отырады. Фольклорды жазушы халық өзінің ұлты мен дінін, тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін дәріптей отырып, ұлтына, рухына қызмет етеді. Өйткені фольклорлық шығармалар белгілі бір уақыттың жай-күйін, сол дәуірдің тұрмысы мен тіршілігін баяндайды. Фольклорлық туындыларға қойылатын талап немесе шарттың бірі – берілген оқиғаның, фактінің мазмұны сол кезеңнің әлеуметтік, мәдени мазмұнын ашуы тиіс. Қоғамның дамуы мен халықтың тыныс-тіршілігіне сәйкес жанрды, фольклорды жасау үшін айтушылар еңбектенеді, ізденеді, заман ағымына сай сол дәуір қажет еткен мәселелер мен жағдайларды баяндап, артында ұмытылмайтын, өшпейтін мұра қалдырып отырады. Фольклорды зерттегенде әрдайым жанр мәселесі назарда болуы тиіс. Ол өмір бойы әдебиет сияқты, жанрлық тұрғыда дамып, жетіліп, өзгеріп ұрпаққа жетіп отырады. Сөз өнерінің ең көне үлгілерімен, яғни тасқа жазылған жазбалар, шежірелер, жазбалар, хаттар түрінде сақталады.

Фольклордың зерттелуі мен тарихы, дамуы туралы ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында фольклордың даму тарихына экскурс жасадық. Тарихи шолу барысында хронологиялық қағида бойынша фольклордың тарихы мен зерттелу жағдайы нақтыланды. Атадан балаға қалып отырған

рухани мұраның өткен жолы мен бүгінгі күнгі көрінісін сипаттау үшін Қазақстан жерін мекендеген түркі халықтарының әдебиетіне де шолу жасалып, Қазақстан, Орта Азия мемлекеттері, Ресей мен Алтай халықтарының фольклор туындыларының пайда болуы мен өзара ұқсастықтары зерттелді.

V-VIII ғасырлардағы тасқа жазылған көне түркі жазбаларындағы Орхон-Енисей жазбалары, VIII-XI ғасырлардағы «Қорқыт ата» кітабы, XI ғасырдағы Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» кітабы, XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құдатғу білік» кітабы, XIII ғасырдағы Рабғузидің «Қиссасу-л-Әнбие» кітабы, XIV ғасырдағы «Кодекс куманикус» ортағасырлық жазба ескерткіштерінде фольклорлық жазбалардың үлгілері кездесетіндігін байқадық. IX-XIII ғасырларда ұлы философтар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Иігүнекидің түркі халықтарының мәдениеті жайындағы тарихи, дүниетанымдық, философиялық, этнографиялық, отбасылық, әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық көзқарастары, XIX ғ. Асан Қайғы, Бұқар жырау, Махамбет, Шортанбай уақытындағы «Зар заман» әдебиетінен басталып, қазақ әдебиетінің тарихын, ұлт мүддесін қорғаған жыршылардың шығармалары халық ауыз әдебиеті үлгілерінен, яғни фольклор тарихынан сыр шертетіндігі белгілі.

Қазақ фольклорының тұңғыш хатқа түскен нұсқалары деп көне түркі жазбаларында кездесетін мифтік сюжеттерді, нақыл сөздер мен арнау, жоқтау үлгісінде жазылған шумақтарды айтуға болады. Солардың бірі Күлтегінге арналған үлкен ескерткіштегі (VII-VIII ғғ.) «Үстінде – көк тәңірі, астында – жазық, жер пайда болғанда, екеуінің арасында адам баласы жаратылыпты», деген жолдардан қазақ халқының танымында елес қалдырған ғарыштың, жердің, адамның жаратылуы туралы көне мифтің сюжетін көреміз. Сондай-ақ, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктердің құрметіне арналған мәтіндерде қазақ халық поэзиясына тән поэтикалық өрнектер, арнау мен жоқтау жырлары ежелгі дәуір фольклорының көрінісін береді. Тарихшы ғалым-этнограф Л.Н.Гумилев өзінің «Көне түркілер» атты еңбегінде ежелгі түріктердің қуатты мемлекеті Түркі қағанатының құрылуы 545-581 жж. арасы екен және көне түркі жазба ескерткіштеріндегі батыр қолбасшы Күлтегін туралы айта келіп: «Олардың арғы аталары «түрік-түркі» деп аталып кеткен және тілдері қадым заманнан қалыптасқан...» [4, 13 б.], - деуі әр дәуірдің даму деңгейі мен қоғамдық санасы, адамдардың өмір сүру бейнесіне қарай бұл дәуірде фольклордың мифтік сипатынан көрініс береді.

XIX ғасырдың 60-шы жылдарында А.Құнанбайұлы, Ы.Алтынсарин, М.Ж.Көпейұлы, Ш.Уәлихановтың қазақ халқының тарихы мен этнографиясына байланысты фольклорлық мұраларды жинақтаған еңбектерінен халқымыздың сана-сезімінің дамуына байланысты ағартушылық жұмыстардың ізі байқалады. Қазақ өнерінің туындыларын, ақын, жырауларлардың әндері мен күйлерін халық арасына насихаттап, фольклордың саз өнері ретіндегі көрінісін беруде Қ.Сағырбайұлы, Ж.Жабаевтың халық арасына тараған күйлері де фольклор тарихынан сыр шертетіні белгілі. XIX ғ. II жартысынан бастап қазақ ағартушылары А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және ресейлік зерттеушілер

қазақ фольклорының ерекшеліктері жөнінде қорытынды жасай бастады. XX ғ. бастап қазақ фольклортану ғылымының қарқынды дамуы кезінде белгілі фольклортанушылар Ә.А.Диваев, М.Ж.Көпейұлы фольклорлық мұраларды жинақтап жарияласа, А.Затаевич халықтың музыкалық фольклорын жазып, насихаттау жұмыстарын ұйымдастырған. Осы уақыттағы ресейлік зерттеушілердің еңбектерімен қатар қазақ тіліндегі фольклорлық шығармалардың мәтіндері қазақ баспасөз материалдарына үздіксіз жариялап қоймай, халық мұрасын жинақтап, оны ғылыми тұрғыда негіздеу Х.Досмұхамедов, Қ.Қоңыратбаев, І.Жансүгіров, т.б. басшылығымен қолға алынып, сол кездердегі Сырдария, Жетісуда фольклорлық экспедиция жұмыстарын ұйымдастырғаны белгілі. Сонымен қатар қазақ фольклортану ғылымының кәсіби деңгейдегі өрлеу кезеңі Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, т.б. еңбектерінде көрініс тапқан.

Қазақ балалар фольклорының тарихы мен болашағы туралы профессор Қ.Жұбанов қазақ ауыз әдебиетін мейлінше жақсы білген және ел арасынан фольклорлық шығармаларды көп жинаған ғалым. Қ. Жұбанов өз зерттеулерінде қазақ музыкасының шығу, даму тарихын ауыз әдебиетінің, әсіресе эпостың шығу тарихымен байланысты қарастырып, ән мен күйдің, домбыраның ролі, халық творчествосына тән синкретизм мәселесін талдады. Оның халық ауыз әдебиетіне байланысты пікірлері халық ауыз әдебиетін, оның көркем тілін зерттеуде фольклористика ғылымының әдебиетпен қатар дамитынын көрсетеді. Бұл ретте зерттеуші А.Т.Ақжолова балалар фольклоры мен балалар поэзиясының қатар дамитынын дәлелдейді [7, 23 б.].

Фольклор туындыларын игертудің құралы ретіндегі көрінісін нақтылап, педагогикалық және психологиялық, әлеуметтік зерттеулер, ұжымдық тәрбие мен отбасылық тәрбиенің ролі, халықтық тәрбие, халықтық педагогика, халық тарихы мен оның қажеттіліктері, тұрмыстық тәрбие берудің ролін көрсетудегі отандық педагогтер А.С.Макаренко, Я.А.Коменский, К.Д.Ушинскийдің педагогикалық ой-тұжырымдары фольклор туындыларын оқушыларға игертудің әдіс-тәсілдерін көрсетеді.

Қазақ халқының өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен таныс болған ғалымдар Н.Березкин, Н.Ильминский, А.Диваев, Н.С.Смирнова, Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, А.Е.Алекторов, т.б. ауыз әдебиетінің үлгілерін жинақтап, фольклор туындыларын құрастыруда тарихи-этнографиялық зерттеулер жасаған. Ал Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова фольклор туындыларын жан-жақты жинақтап, халық әдебиетінің туындыларын мерзімді баспасөз беттеріне үздіксіз жариялау жұмыстарын жүргізіп, ағартушылық сипатта қызмет еткен. Және де қазақ халқының бай мұрасы, баға жетпес фольклор туындыларының құндылығы мен халық ауыз әдебиеті үлгілерінің жанрлық жіктелуіне байланысты тұжырымдар ежелгі шумерлер кезімен байланысты сақ, оғыз-қыпшақ, хангюй, ноғайлы заманына

дейінгі орта ғасырлық туындыларға жасаған талдаулармен де түсіндірілетінін айта кеткен жөн.

Қазақ әдебиетінің дамуы Қазақ хандығы құрылған ХҮ ғасырдан басталғаны белгілі. Фольклор әдебиетпен қатар дамығандықтан, әдебиет тарихы назарда болатыны белгілі. Мысалы, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ мұра боп қалған көне таңба үлгілеріндегі жазулар, еуропалық және қазақ зерттеушілерінің VIII ғасырдағы Орхон-Енисей, Талас жазбалары, оған дейінгі грек тарихшысы Геродоттың еңбектеріндегі біздің жыл санауымызға дейінгі үш мың жыл бұрын өмір сүрген сақтардың қаһармандық өмірінде, сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінде болғандығын кездестіреміз. Осы айтылған пікірлердің қаншалықты дұрыстығы мен нақтылығы, фольклордың халық шығармасы, халық аузынан тараған көркем шығарма, халық даналығы, асыл мұра екендігін көрсетуде әдебиетшілер, сыншылар, фольклортанушылар ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығын айқындап, ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан халықтың ой-санасының жемісі туралы тұжырымдарды талдайды.

Қазақ фольклорының жиналып, жазба түрде жариялану уақыты басқа ғылым салаларының даму кезеңіне сәйкес XIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдан басталуы этнографиялық деректерде, қазақ фольклорына қатысты құнды мағлұматтарды жинақтаған П.И.Рычков, П.С.Паллас, И.Г.Георги, И.Ф.Фальк, И.Г.Андрееваның еңбектерінде, XIX ғ. басындағы ғалым-саяхатшылар, әскери қолбасшылар мен елшілердің жазбаларында, фольклорлық шығармалардың мәтіндерінде, қазақ халқының фольклоры мен этнографиясы туралы зерттеулерде көрсетілген.

XIX ғасырдың II жартысынан бастап қазақ ағартушылары А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, ресейлік зерттеушілер В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.А.Алекторов, В.В.Григорьев, И.Н.Березин, И.Ильминский, П.М.Мелиоранский, т.б. қазақ фольклорының ерекшеліктері жөнінде ғылыми қорытындылар жасаған. XX ғасырда фольклортанушылар Х.Досмұхамедов, Қ.Қоңыратбаев, І.Жансүгіров, Ә.А.Диваев, М.Ж.Көпейұлы, т.б. қазақ тіліндегі фольклорлық шығармалардың мәтіндерін қазақ баспасөз беттерінде жариялап қана қоймай, ғылыми тұрғыда зерделеп, фольклор тарихының әдіснамалық негізін құруға зор ықпалын тигізді.

Кеңестік қазақ фольклортану ғылымының дамуы халық мұраларын жинақтау, салыстырулар нәтижесінде ғалым В.В.Радлов қазақ фольклорының жанрлық байлығын жоғары бағалап, эпостық жырлардың бірте-бірте ақындар айтысы, қыз бен жігіт айтысы, қара өлеңдерге ауысу ағынын көрсете бастайды. Бұл пікірден шығатын қорытынды қазақ халқының мәдениеті мен психологиясына ерекше көңіл бөліп, халықтың өміршеңдігі мен тілі, фольклор жанрының дамуын көруге болады.

Фольклордың ғылыми теориясы мен кәсіби деңгейдегі көрінісін зерттеуде алаш қайраткерлері І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Сейфуллин, фольклортанушылар Ә.А.Диваев, И.Н.Березин, П.М.Мелиоранский, т.б. халық поэзиясының ерекшеліктеріне зерттеулер жүргізіп, фольклорды халық тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алатын тәрбиелік мәні бар жанр екендігін



дәлелдеген. Олар халық шығармашылығына жаңашылдық енгізу арқылы қазақ фольклорын жаңа мазмұнда қарастырып, қазақ фольклоры туралы салыстырмалы зерттеулер жүргізіп, компаративистикалық мақалалар жазған.

Жаңа дәуір фольклорының көрінісі М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев зерттеулерінде ауыз әдебиеті шығармаларының жіктелімдері, шығармалардың тарихи-әлеуметтік мәні, мағыналық тұстары анық көрініс бергендігі байқалады. Заманауи фольклорды зерттеушілер Б.Соқпақбаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Т.Кәкішев, М.Әлімбаев шығармаларында баланың жас ерекшелігі мен бала психологиясына сәйкес саралануы, бала мінезінің, таным процестерінің дамуына ықпал ететіндей құрылуын ерекше назарға алады. Аталған ғылыми талдаулардың қорытындысында фольклордың дәуірге сәйкес еңбек фольклоры, ғұрыптық фольклор, маусымдық, отбасылық, магиялық, т.б. жанрларға бөлінгендігі белгілі. Отбасылық ғұрып фольклорында балалар фольклоры, үйлену жанры айтылса, магиялық жанрда жалбарыну, арбау, алғыс, бата, хикаялар, қиял-ғажайып ертегілері, көне эпос жырлары, жұмбақтар айтылады.

Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің арасын ажыратуда фольклорлық мұра жайындағы зерттеулерге сүйеніп, авторы белгісіз, ел аузынан шығып, тараған әдеби үлгілерді фольклорға, өлеңдерді, жырларды әдебиетке жатқызды. Қазақ фольклорының типологиясын тарихи-типологиялық әдістер арқылы аңыз-әңгімелерді, ертегілерді, лиро-эпос жырларын жинақтап, баспаға жариялау, монографиялар құрастыруда Р.Бердібай, Б.Уахатов, С.Қасқабасов, О.Нұрмағанбетов, Б.Абылқасымов, А.Сейдімбеков, З.Сейітжанұлы, Е.Тұрсынов, К.Матыжанов, т.б. ғалымдар фольклортану ғылымының тұжырымдамасын, «фольклор» терминінің алғашқы мағынасын, мақсаты мен міндеттерін, нысанын анықтап, теориялық негіздеріне зерттеу жасады, фольклор туындыларының өзіндік ерекшеліктері болатындығын, фольклордың синкреттік өнер екендігін дәлелдеді. Қазақ халқының табиғи болмысын өзгертпейтін рухани құндылық, халық шығармаларының қайнар бұлағы тарихи әндер, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдерді жинақтап, фольклордың типологиялық жіктелімін, қазақ фольклорының тұтастану құбылысын анықтап көрсеткен.

### **Талқылау**

Фольклордың теориясын ашуда сюжет, жанр, синкреттілік, фольклордағы импровизация, фольклордың тарихқа, шындыққа қатынасы, типологиялық сюжеттер ежелден келе жатқандықтан, фольклордың пайда болу, өмірге келу сипатын көрсетеді. Кез-келген фольклорлық туынды – сол дәуірдегі дәстүрге негізделіп, халық арасына кең тараған, бірнеше нұсқасы бар, авторы жоқ шығарма. Фольклордың жинақталуы мен оны пайдалану фольклор туындыларының әдебиетті, халық ауыз әдебиетін қалыптастырған асыл мұра екендігін байқаймыз.

Қазақ фольклортануы әдебиеттану ғылымының терминдерін пайдалануы заңды. Өйткені әдебиет те, фольклор да сөз өнеріне жатады. Сондықтан

екеуінде де қолданылатын терминдердегі ұқсастықтарға аса мән беріп, фольклорлық жанрды айқындағанда ғылыми негіздемелерді басшылыққа алып, фольклордың сөз өнері ретіндегі әдебиетке ұқсастығы мен әдеби түсінікте, терминдерді қолданудағы әдебиеттен айырмашылығына назар аударуымыз қажет. Ол үшін фольклор жанрын анықтауда тарихқа, этнографиялық деректерге сүйену, оның алғашқы уақыттардағы тарихи сипатын білу өте маңызды. Олай дегеніміз, фольклор мен әдебиеттің айырмашылығын ашатын олардың пайда болу уақыты мен өмір сүру кейпін, ұзақтығын, қолданылатын әдеби түсініктер мен ұғымдардың нақты мағынасын түсінуіміз керек. Сонымен бірге әдебиеттің даму тарихын, өткен өмірін сипаттаушы, ұрпаққа түсіндіруші – жазушы, ақын, драматург болса, фольклорда – жыршы, ертекті, өлеңші деп аталады. Осындай пайымдаулар, фольклордың дамуы мен қалыптасу кезеңдеріне мән беру керектігін міндеттейді.

Фольклор – халық даналығы, халықтың өмір сүру образын беретін көркем шығарма екендігін анықтау үшін пайда болу тарихына, шығарманың баяндалу, бейнелену, айтылу түріне қарай сюжеттің берілуіне мән беріледі. Өйткені фольклорда алдымен оқиғаның сюжеті пайда болады, оның баяндалу тәсілі көрініс береді. Шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері фольклорлық шығармаларда айқын көрініс береді. Сюжетте айтушының басынан өткен оқиғалары толығымен айналасындағыларға, одан соң ауыздан ауызға таралып, тұрақты сюжетке, бірте-бірте әсіреленіп әңгіме жанрына айналады, толықтырылып, көркемделіп, өзгеріске ұшырайды, нәтижесінде аңызға немесе хикаяға айналады.

Ежелгі түркілердің ауызекі поэзия дәстүрі бізге IX ғасырда өмір сүрген әнші, сазгер, күйші Қорқыт атаның қазалы жанның үрейін, өлімнен құтылудың амалын қобыздың азалы күйімен, поэзиялық көркем тілмен баяндап, эпос үлгісіндегі поэзиялық мұра ретінде біздің дәуірімізге жеткен тәлімдік туындылары мен «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман», «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», «Қонағы жоқ үйден құлазыған тұз артық» деп келетін нақыл сөздері бүгінге дейін маңызын жоймай келеді. Осы бір пікірден тарихи мәні бар отбасы тәрбиесінде әрбір ана мен әкенің есте ұстайтын бабалар мұрасының мәні ерекше екендігін баса айтқымыз келеді. Өйткені А.Қасабек, Ғ.Есім, т.б. ғалымдар қазақ ертегілері, жыр, аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдер арқылы күрделі ойдың жемісі екендігін, мұндағы халықтың ойлау жүйесінің тереңдігін, оның ішкі мәні мен астарлы ой құбылысының ерекшелігін дәлелдеп, ұрпағымызға фольклор туындыларын оқытып, санасына сіңіру арқылы өзін жоғалтып алмайтын, қайсар ұл мен батыл қыз тәрбиелеуге болатынын көрсетеді. «Көбінесе біз балалардың қабылдау қабілетінің жас кезінде жоғары болатынын ескере бермейміз. Олардың ұғымын өте төмен санап, «шайнап берген ас болмайтынын» біле тұра, бәрін де шайнап бергіміз

келіп тұрады. Ал олар болса, қаттыға, қиынға, күрделіге ұмтылып, «қорыған жерге өш келетінін» ойлай бермейміз» [8, 5 б.] деген пікір де осыны көрсетеді.

### **Қорытынды**

ҚР Білім беру Заңында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыру, дамытуға және кәсіби шыңдау басым міндеттердің бірі ретінде көрсетілген. Осыдан ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығы, оның шынайылығы мен дұрыстығын қалыптастыруда халық ауыз әдебиетінің үлгілері, қазақ балалар фольклорының алатын орны ерекше екендігін тағы дәлелдейміз. Сөз басында айтып кеткендей, фольклордың сөз өнері ретіндегі ерекшелігі әдебиетпен байланысатынын есепке алсақ, фольклор халық шығармасы, ұлттық шығарма, халықтың ауызша түрде туғызған көркем шығармасы. Фольклор дүние жүзі халықтарының барлығында бар. Ауыз әдебиеті ғылымның өте ертеден келе жатқан ғылым екендігін баса айтқан Б.Г.Белинский «Әдебиет – ертедегі ой-сананың жемісі» деп көрсетеді. Мұнан шығатын қорытынды ерте замандағы адамдар жазу мен сызуды білмегенімен, поэзияға деген жақындығын, қызығушылығын таныта білгендігін көреміз.

Қазақ балалар фольклоры – мазмұны терең, көркем сөзбен құрылған, тәрбиелік мәні зор халық шығармашылығы. Әдебиет әр уақыттың тарихын жасап, болашақтың келбетін құруға ықпал етіп, оған сын тұрғысынан талдау жасайды, ерекшелігі мен өзектілігін айқындап, жаңартып, өзгертіп, қажеттіні қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдебиет ғылымының бейнесін жаңа заман үлгісіне сай болуын талап етеді. Әдебиеттегі бұлайша өзгеру, даму мен қалыптасу жаңа заман адамы мен оның болашағын құрушы ұрпақ тәрбиесіндегі жаңа талғам мен дамудың негізгі түп-тамыры тәрбиеден басталатынын ескерсек, ұрпақ тәрбиесіндегі тың өзгерістерді әдебиет арқылы қалыптастыру, ұрпақтың танымы мен талғамын қалыптастыруда ескі мен жаңаның біртұтастығын сақтаушы фольклор екендігін түсіндіріп отыр.

Болашақ ұрпағымыздың тәрбиесінде ерекше орын алатын тарихи-мәдени көзқарастарды басшылыққа ала отырып, ұрпағымыздың санасына адамгершілік пен ізгілік әрекеттерді құйып қана қоймай, Абай атамыздың «толық адам» тұжырымын негізге алып, қазақ халқының өмірлік философиясын ұстанған халық мұрасы осындай наным-түсінікпен өмір сүрген жағдайда фольклор туындыларын игеріп қана қоймай, ақын жазушыларға бала психологиясы арқылы фольклорды игерту, бала жүрегінен фольклордың орын тебуіне ықпал етудің керектігін міндеттеп тұрғанын байқауға болады. Ауыз әдебиеті үлгілері арқылы халықтың өткендегі өмірін, тарихы мен тұрмыс-тіршілігін, аңсау арманын білуге болатындығы қазақ фольклорының қалыптасуы мен дамуын зерттеудегі халық аузынан тараған аңыз-әңгімелер, ертегілер нақты ашатынын көрсетеді.

Ерте замандағы фольклорлық шығармалар ру, тайпалардың барлығына ортақ әдеби мұра ретінде танылса, кейін қоғам дамуының қажеттіліктеріне қарай таптық сипатқа ие болады. Нәтижесінде, белгілі таптың салт-санасына, талғамына сай өңделіп көркем шығармалар түріне айналып, орындаушысы

мен тыңдаушысы бар фольклорлық шығармаға ауысады. Бұл тарихтың өткен жолын сол күйінде фольклордың тарихы деп айта салу емес, қоғам дамуындағы белгілі бір тарихи кезеңнің дамуында өмір сүрген халық арасында туған көркем сөз өнері.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 208 б.  
[2] Сейітжанұлы З. Қазақ халық әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 2013. – 170 б.  
[3] Есім Ғ. Дүниетаным баяны. – Алматы: «Дәуір», 2020. – 400 б.  
[4] Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: Т.1. Жыр тағылымы / Құраст.: С.Қалиев, К.Аюбай. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 408 б.  
[5] Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 209 б.  
[6] Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 288 б.  
[7] Ақжолова А. Қазақ балалар поэзиясындағы дәстүр жалғастығы: Монография. – Алматы: «Нур-Принт», 2014. – 158 б.  
[8] Күміс кебеже. Қазақ ақындарының балаларға арналған өлеңдері /Құраст.: О.Асқар. – Алматы: «Балауса», 2008. – 432 б.

#### REFERENCES

- [1] Negimov S. Şeşendik öner (Public speaking). – Almaty: «Ana tılı», 1997. – 208 b. [in Kaz.]  
[2] Seitjanūly Z. Qazaq halyq ädibietı (Kazakh folk literature): oqu qūraly. – Almaty: «Qazaq universiteti», 2013. – 170 b. [in Kaz.]  
[3] Esim Ğ. Dūnietanym baiany (Worldview narrative). – Almaty: «Däur», 2020. – 400 b. [in Kaz.]  
[4] Qazaqtyñ tälımdık oılar antologiasy (Anthology of Kazakh educational thought): T.1. Jyr tağylymy /Qūrast.: S.Qaliev, K.Aiubai. – Almaty: «Sözdık-Slovär», 2005. – 408 b. [in Kaz.]  
[5] Nazarbaev N.Ä. Tarih tolqynynda (On the wave of history). – Almaty: «Atamūra», 1999. – 209 b. [in Kaz.]  
[6] Qoñyratbaev Ä. Qazaq föklorynyñ tarihy (History of Kazakh folklore). – Almaty: «Ana tılı», 1991. – 288 b. [in Kaz.]  
[7] Aqjolova A. Qazaq balalar poeziasyndağy дәstür jalğastyğy (Continuation of traditions in Kazakh children's poetry): Monografıa. – Almaty: «Nur-Print», 2014. – 158 b. [in Kaz.]  
[8] Kūmıs kebeje (Silver chest). Qazaq aqyndarynyñ balalarğa arnalğan öleñderı /Qūrast.: O.Asqar. – Almaty: «Balausa», 2008. – 432 b. [in Kaz.]

#### ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОГО ДЕТСКОГО ФОЛЬКЛОРА

\*Балтымова М.Р.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>докторант, АРУ имени К. Жубанова, Казахстан, Ақтобе  
e-mail: mbr74@mail.ru

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема зарождения и развития казахского детского фольклора. Автор сделал обзор и всесторонний анализ детского фольклора и литературы. Цель, основное направление и идея научного исследования, это изучение художественного, мировоззренческого значения детского фольклора и произведений для подрастающего поколения путем обзора научно-методологических исследований о развитии казахской детской литературы начиная с 70-х годов XX века. Что касается научной значимости работы, то теоретические сведения исследования могут быть использованы при изучении казахской детской литературы. Методология исследования построена на методологии обобщения, анализа, сравнения. Основные результаты и анализ

исследовательской работы, итоги: литература – это духовная сокровищница любого народа, богатство духовного мира, неисчерпаемая сокровищница, где рассказывается о богатом национальном наследии и тайне духовного мира народа. Значимость исследования заключается в том, что только при сохранении духовной сокровищницы казахского народа будущее нашего поколения будет определено, они развиваются, растут, и никогда не угасают. Поэтому высказываются аргументированные мнения о том, что сохранение духовного наследия, систематизация, изучение, анализ, обобщение и сбор литературы, передача ее будущему поколению с каждым днем приобретает все большую актуальность. Прежде чем раскрыть содержание научно-методологических исследований, подчеркивается, что без истории прошлого нет будущего, подчеркивается актуальность воспитания поколения у казахского народа берет свое начало с момента зарождения и существования человечества. Приводятся мнения о том, что казахский народ, придавая особое значение воспитанию потомков, отдельно рассматривал воспитание мальчиков и девочек, в мировоззрении народа считается правильным начать воспитание с колыбели. Практическая значимость заключения работы: результаты исследования могут быть включены в программу элективного курса в качестве научных источников.

**Ключевые слова:** фольклор, история фольклора, формирование фольклора, детский фольклор, произведения фольклора, древнее мировоззрение, воспитание поколения, искусство слова

## FORMATION OF KAZAKH CHILDREN'S FOLKLORE

\*Baltymova M.R.<sup>1</sup>

\*<sup>1</sup>doctoral student, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,  
Kazakhstan, Aktobe  
e-mail: mbr74@mail.ru

**Abstract.** The article deals with the problem of formation and development of Kazakh children's folklore. The author conducted a review and comprehensive analysis of children's literature. The purpose, main directions and ideas of scientific research: the study of the artistic, ideological significance of children's folklore and works for the younger generation by reviewing scientific and methodological research on the development of Kazakh children's literature since the 70s of the twentieth century. As for the scientific significance of the work, the theoretical information of the study can be used in the study of Kazakh children's literature. The research methodology is based on the methodology of generalization, analysis, comparison. The main results and analysis of the research work, results: literary works, literature is the spiritual treasury of any nation, the wealth of the spiritual world, an inexhaustible treasury, which tells about the rich national heritage and the mystery of the spiritual world of the people. The value of the research lies in the fact that only with the preservation of the spiritual treasury of the Kazakh people, the future of our generation will be determined, develop, grow, never fade away. Therefore, there are reasoned opinions that the preservation of spiritual heritage, systematization, study, analysis, generalization and collection of literature, its transmission to generations are becoming more and more relevant every day. Before revealing the content of scientific and methodological research, it is emphasized that it is impossible not to dwell on the history of the past, the relevance of the fact that the upbringing of generations among the Kazakh people originates from the moment of the origin and existence of mankind is emphasized. There is evidence that the Kazakh people, attaching special importance to the upbringing of descendants, separately considered the upbringing of boys and girls, in the worldview of the people it is considered right to start education from the cradle. Practical significance of the conclusion of the work: the results of the study can be included in the elective course programs as scientific sources.

**Keywords:** folklore, history of folklore, formation of folklore, children's folklore, works of folklore, ancient worldview, education of generations, the art of words

*Статья поступила 14.09.2022*